

## **Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есебі**

### **«6D030100 – Құқықтану», «6D030200 – Халықаралық құқық» мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңес**

#### **Есепте мынадай мәліметтер бар:**

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 4
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 9 адам. Диссертациялық кеңестің 2 мүшесі Каспий қоғамдық университетінің жеке құқық институтының бас ғылыми қызметкері, з.ғ.д., профессор Карагусов Фархад Сергеевич, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Сорбонна-Казахстан институтының директоры, з.ғ.д., профессор Сабитова Айнур Алимхановна белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 4 отырысына қатыспады.

#### **3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО
1	Рашева Гульнур Койшыновна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Исаева Айнур Женисовна	I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
3	Арын Айжан Арынқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4	Рыскалиев Даuletбай Уразгалиевич	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

#### **4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

##### **1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Рашева Гульнур Койшыновна - диссертация Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін зерттеуге арналады. Жұмыста Қазақстан Республикасында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық мәселелері және мемлекеттік-құқықтық тетігі зерттеледі, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ

мемлекеттерінің, сонымен бірге, Қазақстан Республикасының ДСҰ және ЕАӘО аясындағы тәжірибесі зерттеледі.

Исаева Айнур Женисовна - диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес еңбек дауларының әлеуметтік құбылыс ретінде туындау себептерін анықтау және жұмыс беруші мен жұмыскерлер, еңбек ұжымы арасында еңбек, ұжымдық шарттың орындалуына байланысты пайда болатын еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Арын Айжан Арынқызы - диссертация қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарына, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелерін талдауға арналған. Жұмыста күдіктінің іс жүргізу мәртебесінің түсінігі мен түрлеріне ғылыми талдау жасалған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен іске асыруды оңтайландыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірленген.

Рыскалиев Даuletбай Уразгалиевич - диссертациялық ізденіс жұмысы Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҮҰ-ның Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі Декларациясына, Конвенцияларына, Пактілеріне, ХЕҰ-ның Конвенциялары мен Ұсынымдарына, басқа да әлемдік қауымдастықтармен қабылданған актілерге, ұлттық заңнамаға сәйкес өндірістік ортада әркімнің өмірін, денсаулығын, еңбек ету қабілеттілігін сақтауға деген еңбек және жекелік, азаматтық құқығының мазмұнын айқындау, іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық тәсілдердің тәжірибеде қолданылу мәселелері зерттеуге алынды.

**2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;**

Рашева Гульнур Койшыновна – зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын құқықтану мамандығына арналған арнайы курсардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қорытындылары 12 ғылыми мақалада, оның ішінде 2 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарда және халықаралық конференция жинақтарында жарияланған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

Исаева Айнур Женисовна – зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын құқықтану мамандығына арналған арнайы курсардың оқу

бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 14, оның ішінде 1 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым жөніндегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарға, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3, Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 5 мақала жарияланды, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

Арын Айжан Арынқызы – зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын құқықтану мамандығына арналған арнайы курсардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 12, оның ішінде 1 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым жөніндегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 6 ғылыми басылымдарға, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 жарияланды, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

Рыскалиев Даuletбай Уразгалиевич – зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын құқықтану мамандығына арналған арнайы курсардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 9, оның ішінде 2 Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым жөніндегі сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 3 ғылыми басылымдарға, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 4 жарияланды, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

### **3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Қорғалған 4 диссертацияның нәтижелерін енгізу деңгейі – салааралық, кеңінен қолдануды қажет етеді.

### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сынни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия

(PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайыннады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.19 пунктін өзгерту және диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 30 (отыз) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Бұл ұсыныс докторанттарға тәуелсіз экспертерді тағайындау нәтижесінде, тәуелсіз экспертердің ескертпелерін жөндеу үшін, ол өз кезегінде көп уақыт алатындығыменен байланысты болып отыр.

## **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:**

№		«6D030100 Құқықтану»	-	«6D030200 Халықаралық құқық»
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	3		1
2	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	1		-
3	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-		-
4	Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО);	-		-
5	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-		-

6	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО)	-	-
7	Көрғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар	-	-
	Көрғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы

Байдельдинов Д.Л

Диссертациялық кеңестің  
ғылыми хатшысы

Жанибеков А.К.



Мэр Мерзім 2021 жылғы "—" —